

Ғибратты ғұмыр иесі

Ұлттық азаматтық тұтастық пен бірлікке негізделген ұлттың қашанда келешегі кемел, болашағы баянды, алдағы күндері жарқын болатындығы ақиқат. Осындай адамзаттың ортақ тарихына үлес қосуға қабілетті қазақ халқының жалпыхалықтық оркениеттің заманауи көшіне ілесіп, Тәуелсіз елдің алтын қоржынына қосар қайталанбас, өзіндік газсан қолтаңбасы мен өрнегі айрықша.

Бүгінгі қазақ қоғамында еліміздің тыныштығы және бейбітшілігі мен келісімінің көрінісіндей болып ұлттық бірлік пен тұтастықты сақтауға ықпал ететін салалардың бірі – Тәуелсіз еліміздің Қорғаныс саласының бейбіт өмірді сақтаудағы маңызы орасан зор. Білікті, білімді сарбаз, әскери мамаң – бейбіт елдің тыныштығының ұйытқысы. Егеменді еліміздің Қорғаныс саласындағы әскери мамандарды даярлайтын жоғары, арнаулы орта оқу орындары баршылық. Осы оқу орындарының көздейтін мақсаты да біреу ол – бейбіт еліміздің тыныштығы мен берекесі жолында абыроймен қызмет ететін майталман мамандар дайындап шығару. Сондай жоғары оқу орындарының бірі – генерал-майор Садықов Қайрат Әнуарбекұлы басқаратын Алматы қаласындағы Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының егемен еліміздің қорғаныс саласына қосып жатқан үлесі айрықша. Қазіргі таңда Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты біздің еліміздің әскери коллективтерімен пәрмендеу ғана емес, сонымен бірге ҚР ҚК құрылымдары мен әскери бөлімдеріндегі радиоэлектронды құрал-жабдықтарды пайдалана алатын жалғыз әскери оқу орны болып табылады.

Шығыс Қазақстан облысы, шежірелі Зайсаннан шыққан ғалымдардың бірі, Ломоносов мектебінің түлегі Садықов Қайрат Әнуарбекұлы «Мемлекет және қауіпсіздік жүйесіндегі адамгершілік қағидаттары» тақырыбындағы диссертациясын сәтті қорғап, философия ғылымдарының кандидаты атанды. Ресейдің Орынбор қаласындағы әскери оқу орнын бітіріп, осы салада қызмет еткен генерал-майор Қ.Садықов қазір Алматыдағы «Радиоэлектроника және байланыс» әскери инженерлік институтының ректоры болып қызмет атқарып келеді.

Оқу орны 2001 жылы құрылған болатын. Әскери жоғары оқу орнының қабырғасында зениттік-ракеталық, радиотехникалық әскерлер, авиацияны радиотехникалық қамта-



масыз ету әскерлері, құрлық әскерлері әуе шабуылына қарсы қорғаныс, байланыс, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскерлері мен қару-жарағын автоматтандырылған басқару жүйесінің бөлімдері үшін офицерлер даярлайды.

«Болашақта біздің түлектер офицер атағына лайықты білікті маман ретінде өздерін көрсетеді», – дейді нық сеніммен Радиоэлектроника және байланыс әскери инженерлік институтының ректоры Қайрат Садықов. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2015 жылы 6 мамырда аталмыш оқу орнының басшысы Қ.Ә.Садықовтың көп жылдық абыройлы қызметі мен ел игілігіне арнаған ерен еңбегі үшін генерал-майор әскери атағын берді. Бұл тарихи жайтты елінің бейбіт өмірі мен тыныштығы жолында, аталмыш бағытта болашақ әскери мамандарды дайындау жолында ғұмыры мен қызметін арнаған тұлғаның атқарған, атқарып келе жатқан еңбегінің еленгені деп білеміз.

Елбасы әскери мамандарды марапаттап тұрған сәтінде: «Сіздер әлемдік тәжірибені меңгеріп, өздеріңізді командирлер, генералдар ретінде кемелдендіруді ұмытпаңыздар... Мен сіздердің бұл поғонды лайықты түрде тағып, біздің Отанымызға мақтаншыпен қызмет атқаратындықтарыңызға сенімдімін», – деп үлкен үміт пен сенім артқан еді.

Қ.Ә.Садықов басқаратын Алматы қаласындағы Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылы 15 қазаны №1330 қаулысының және Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің 2002 жылы 20 ақпаны №1/29/1/068 Директивасының (Азаматтық

авиация академиясының әскери факультеті базасы) негізінде құралған еді. Аталмыш әскери бағыттағы жоғары оқу орнының негізгі міндеті болып Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскерлері мен қаруланудың зенитті ракеталық, радиотехникалық әскерлерінің, байланыс бөлімдерінің, авиацияны радиотехникалық қамтамасыз етудің, автоматтандырылған басқару жүйелерінің кәсіби офицерлерін дайындау саналады. Жалпы болашақ офицерлерді дайындау ісі жоғары әскери-кәсіби бағдарлама бойынша бес мамандық бағытында жүргізіледі. Радиобайланыс пен зенитті ракеталық әскерлердің қондырғыларын жөндеу, Зенитті ракеталық әскерлердің бөлімдері мен бөлімшелерінің радиотехникасы, Радиотехникалық әскерлердің бөлімдері мен бөлімшелерінің радиотехникасы, ҚР ҚК автоматты басқару жүйелерінің инженері. Бүгінгі таңда мұнда мамандандырылған офицерлер зенитті ракеталық, радиотехникалық, әскерлерге, байланыс бөлімдері, авиацияны радиотехникалық қамтамасыз ету бөлімдеріне, сонымен қоса әскерлер мен қару-жарақпен автоматты басқару жүйелерінің инженерлері мамандықтары бойынша болашақ әскери мамандар дайындайды.

Аталмыш институт басшысы Қ.Садықов өз ұлтын отаншыл жүрегімен сүйіп, халқына қалтқысыз қызмет ететін абзал азамат, кәсіби маман әрі білікті басшы ретінде биіктерді бағындырып келеді. Темірдей тәртіп пен әскери өмірдің жүйелі, мән-мағыналы, тағдылымға тәрбиелеген рухани бесігіне айналған аталмыш оқу орнының бүгінгі таңдағы мәртебесі жоғары деңгейде бой көрсетіп отыр. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген генерал-майор Қ.Садықов тәуелсіз тұтырлы елінің мәңгілік елі болып қалыптасуына қаршыны қағаммен республиканың тыныштығы мен қауіпсіздігіне қамқорлығы жолында аянбай еңбек етіп келеді.

Даурен МҰХАМАДИЕВ

М.О.Әуезов атындағы

Әлбетек және өнер институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі